

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abay Kazakh National
Pedagogical University

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

4 (332)

JULY – AUGUST 2020

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі
Қажыбек Е.З.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сәбікенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сүлейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатыбалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтанаев Б.А.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалижанов У.К.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Құрманбайұлы Ш.**; тарихи ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дербісәлі А.**; саяси ғ. докторы, проф., **Бижанов А.К.**, тарих ғ. докторы, проф., **Кабульдинов З.Е.**

Р е д а к ц и я к ең с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); эк. ғ. докторы, проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докторы, проф. **Устименко В.А.** (Украина)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы».

ISSN 2224-5294

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген № **10894-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28; 219, 220 бөл.; тел.: 272-13-19, 272-13-18
<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Главный редактор

доктор филол. н., проф., член-корр. НАН РК

Қажыбек Е.З.

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **А. Дербисали**; доктор политических наук, проф., **Бижанов А.К.**; доктор ист. наук, проф., **Кабульдинов З.Е.**

Редакционный совет:

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З. Сафарова** (Азербайджан); докт. экон. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); докт. юр. н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук.

ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № **10894-Ж**, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год.

Тираж: 500 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28; ком. 219, 220; тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020.

Адрес типографии: «NurNaz GRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

Chief Editor

doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK

Kazhybek E.Z.

Editorial board:

Doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Baimuratov U.B.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Esim G.E.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kirabayev S.S.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Koshanov A.K.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Nyssanbayev A.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Sabikenov S.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Suleymenov M.K.**; doctor of economy, prof, academician of NAS RK **Satybaldin S.S.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Abzhanov H.M.**; doctor of history, prof, corresponding member of NAS RK **Abuseitova M.H.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baitanaev B.A.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Zhakyp B.A.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kalizhanov U.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Hamzabekuly D.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Kozhamzharova D.P.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Koigeldiev M.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kurmanbaiuly Sh.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Taimaganbetov J.K.**; doctor of sociology, prof, corresponding member of NAS RK **Shaukenova Z.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Derbisali A.**; doctor of political science, prof **Bizhanov A.K.**; doctor of History, prof **Kabuldinov Z.E.**

Editorial staff:

Academician NAS Republic of Moldova **Belostechik.G** (Moldova); Academician NAS Republic of Azerbaijan **Velikhanli N.** (Azerbaijan); Academician NAS Republic of Tajikistan **Nazarov T.N.** (Tajikistan); Academician NAS Republic of Moldova **Roshka A.** (Moldova) Academician NAS Republic of Moldova **Rusnak G.** (Moldova); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Muradov Sh.** (Azerbaijan); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Safarova Z.** (Azerbaijan); Associate professor of Economics **Vasilenko V.N.** (Ukraine), Associate professor of Law **Ustimenko V.A.** (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010.

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 500 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.127>

Volume 4, Number 332 (2020), 258 – 264

FTAXP 39.01.45

Қ. Жоя¹, Қ. Сарқытқан², Е.Д. Исаков³

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

³Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹hairat.altai@mail.ru, ²kaster0102@mail.ru, ³erlanchik-89@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕР МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орындары студенттерінің білім алу қажеттілігін арттыру және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін құзыреттілік тәсіл арқылы білім беру үдерісінің мазмұны, педагогикалық технологиялардың бақылау және бағалау құралдары қарастырылған. Сонымен қатар, мақалада құзыреттілікті практикада оқытудың негізін, практикалық жағдайларды талдау және синтездеу қабілеті сарапталған. Кәсіби міндеттерді шешу мен өзін-өзі талдауға қабілетті базалық білімді ұсынған. Студенттің командада жұмыс істей білу қабілеті, тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары мен құзыреттілік тәсілге қатысты қағидаттары тұжырымдалған. Сондай-ақ, мақаланың мазмұны креативтілікті, сапаға деген қызығушылықты және негізгі білім беру құзыреттілігін толық қамтиды. Негізгі құзыреттіліктердің түрлеріне жеке-жеке сипаттама бере отырып, өзіндік әсер ету бағыттары мен ықпалы талданған.

Білім берудегі оқытудың жаңа әдістері, білім беру үдерісінің тиімділігін тексеру әдістерін құру мен әзірлеуді көздейді. Ол кәсіби міндеттерді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік міндеттерді қалыптастырады, өйткені оқытудың негізгі нәтижесі білім, білік және дағды емес, іс-әрекеттің ойлы тәжірибесі болып саналады. Жоғары оқу орындары болашақ туризм мамандарына, өз дербестігіне сүйене отырып, өмірлік мәселелерді шешуді үйретуі тиіс. Оқытудың әдістері мен формалары оқу мазмұнына емес, белгілі бір педагогикалық мақсаттарға жетудің дербес құралы ретінде мақалада кеңінен баяндалды.

Зерттеуімізде геоэкологиялық компонент есебінен туризм жөніндегі маманның жеке қасиеттерінің спектрін арттыра отырып, кәсіби құзыреттілік ұғымын кеңейттік. Кәсіби құзыреттілікті біз коммуникативтік, жалпы мәдени, әлеуметтік-азаматтық, ақпараттық, оқу-танымдық, сондай-ақ геоэкологиялық құзыреттіліктен тұратын «мегакомпетент» ретінде қарастырдық.

Білім берудегі құзыреттілік тәсіл жеке-іс-әрекет тәсілімен тығыз байланысты, себебі студенттің жеке тұлғасына тікелей әсер етеді және студенттің белгілі бір іс-әрекет кешенін орындау барысында ғана жүзеге асырылады. Сондықтан, білім алушылар арасында білімге деген сұранысты өзектендіру және кәсіби білім беру жүйесінде туризм бойынша мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз етуде құзыреттілік тәсіл маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік беретіндігі анықталды. Практикаға негізделген оқыту практикалық жағдайларды талдау мен синтездеу қабілетін, түрлі салалардағы базалық білімді, кәсіби міндеттерді шешуді, сын және өзін-өзі сынауға қабілетті, ауызша және жазбаша коммуникацияны, топпен жұмыс істей білуді, басқа сала мамандарымен қарым-қатынас жасай білу қабілетін, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын, сондай-ақ бастамашылдықты, креативтілікті, сапаға мән беруді және табысқа ұмтылуды қамтиды. Құзыреттілік тәсіл білім беру үдерісінің мазмұнын, бақылау және бағалау құралдарын және педагогикалық технологияларды өзгертуді көздейді.

Түйін сөздер: құзыреттілік, негізгі құзыреттер, геоэкология, оқыту тәсілі, туризм.

Кіріспе. Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің проблемаларын шешудің маңызды стратегиялық бағыттарының бірі ретінде құзыреттілік тәсілді енгізу қажеттілігі анықталған. Бұл маманның жеке ерекшеліктерін дамытуға, кәсіби қызмет мәдениетін қалыптастыруға, мобилділік сияқты білім беру аспектілеріне қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді.

«Мобильділік» түсінігі деректер мен адамдардың географиялық орын ауыстыруы мен материалдық объектілерді, коммуникацияларды, идеялар мен саясатты ауыстыруды қамтиды [1].

Құзыреттілік тәсіл – жоғары білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарының бірі [2]. Әлемдік қоғамдастықтағы жоғары білім берудің өзгеруі біртұтас жүйелі тәжірибенің қалыптасуына, проблемалар мен міндеттерді құзыретті шешуге ықпал ететін білім беру үдерісінде жеке-қызметтік ұстанымды қамтамасыз етудің жаңа жолдарын табу болып саналады [3].

Зерттеу мақсаты мен міндеттері ретінде студенттің қоғаммен жұмыс істей білу қабілеті, тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары мен құзыреттілік қағидаттарын тұжырымдау мақсаты негізінде жоғары оқу орны студенттерін кәсіби даярлаудағы негізгі құзыреттер мен ерекшелігін, кәсіптік білім беру жүйесінде мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін құзыреттілік тәсіл арқылы білім беру үдерісінің мазмұнын, педагогикалық технологиялардың бақылау және бағалау құралдарын қарастыру міндеттелді.


Зерттеудің теориялық-әдістемелік және тарихи негіздері. Жоғары білімге икемділік жағдайында, студенттердің әлеуметтік кеңістігімен үйлесімде жоғары білімнің кеңістіктік орналасуы олардың ұтқырлығының бейімділігі мен бағытын анықтайды. Алайда жоғары білім берудің ұтқырлығы жағдайында еңбек нарығын ұйымдастырудың қосымша элементі бар.

О.Е. Лебедевтің пікірінше, құзыреттілік тәсіл білім беру мақсаттарын анықтаудың, білім беру мазмұнын іріктеудің, білім беру процесін ұйымдастырудың және білім беру нәтижелерін бағалау қағидаттарының жалпы жиынтығы болып саналады [4].

Құзыреттілік тәсілге қатысты қағидаттар келесі тезистерде тұжырымдалған:

- студенттер өзіндік тәжірибесін қолдану негізінде түрлі қызмет түрлері мен салалардағы мәселелерді және кәсіби міндеттерді дербес шешу қабілетін дамыту;
- білім беру мазмұны – дүниетанымдық, танымдық және адамгершілік мәселелерді шешудің дидактикалық бейімделген тәжірибесі;
- білім беру үдерісін ұйымдастырудың мәні – бұл болашақ мамандардың коммуникативтік, ұйымдастырушылық, танымдық және басқа да міндеттерді өз бетінше шешу тәжірибесін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- білім беру нәтижелерін бағалау студенттердің белгілі бір оқу кезеңінде қол жеткізетін білім деңгейі негізінде жүргізіледі.

Білім беру қызметінің негізгі нәтижесі, құзыреттілік көзқарас тұрғысынан негізгі құзыреттілікті қалыптастыру деп есептеледі [5]. Олардың тізбесі білім берудің басты мақсатына, әлеуметтік және жеке практиканың құрылымдық көрінісіне негізделеді, сондай-ақ практикалық іс-әрекет дағдыларын алуға мүмкіндік беретін құзыреттіліктің негізгі түрлеріне сүйенеді (1-сурет).



Сурет 1 - Негізгі білім беру құзыреттілігі

А.В. Хуторской ұсынған және отандық ғалымдардың басым көпшілігі мойындайтын негізгі құзыреттіліктерді қарастырайық.

Құндылық-мағыналық құзыреттілік. Бұл құзыреттілік құндылық және дүниетаным саласына жатады, қоршаған ортаны көру, сезіну және түсіну, өзінің рөлі мен мақсатын сезіну, бағдарлану қабілеттерімен біріктірілген білім алушының байланысы. Студенттің дұрыс шешім қабылдай білуі, өз іс-әрекеттері үшін мақсаттық және мағыналық ұстанымдарды таңдай білуі тиіс. Құндылық-мағыналық құзыреттілік оқушының өмірлік ұмтылысын анықтайтын жеке білім траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы мәдени құзыреттілік. Бұл – студенттің жақсы бағдарлануы, танымын игеруі және іс-әрекет тәжірибесінде болуы қажет құзыреттілік. Бұл жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігі; қазіргі адам өмірінің рухани-адамгершілік негіздері; әлеуметтік және отбасылық дәстүрлер мен құбылыстардың мәдени негіздері; ғылым мен діннің кез келген адам өміріндегі маңызы, олардың дүниетанымына әсері; мәдени-бос уақыт пен тұрмыстық саладан хабардар болуы.

Оқу-танымдық құзыреттілік. Бұл құзыреттілік студенттердің өзіндік, танымдық іс-әрекеті аясындағы жиынтыққа ие, оған әдіснамалық, жалпы оқу және логикалық іс-әрекет элементтері кіреді. Бұл жоспарлау, мақсат қою, талдау, өзін-өзі бағалау және рефлексия білімдерінің болуы. Осы құзыреттілік шеңберінде тиісті функционалдық сауаттылықтың талаптары белгіленеді: фактілерді бопсалау, статистикалық сипаттағы дағдыларды және танымның өзге де әдістерін меңгеру.

Ақпараттық құзыреттілік. Перифериялық құрылғылардың (факс, принтер, модем, сканер және т.б.), ғылыми-техникалық құралдардың (бұл барлық электрондық құжаттарға, атап айтқанда дыбыс және бейне жазбаларға қатысты), интернет және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының (дүниежүзілік компьютерлік интернет желісі, желілік баспасөз, телеконференция және т.б.), оқу мультимедиа кешендерінің көмегі арқылы келіп түскен қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, іріктеу, талдау, жүйелеу, сондай-ақ қайта құру, сақтау және беру іскерліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік коммуникативтік қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді; студенттің ақпарат көздерімен және қазіргі заманғы инфотехнологиялармен жұмыс істеу дағдысын қамтамасыз етеді; модельдеу тәсілдері туралы түсінік қалыптастырады.

Коммуникативтік құзыреттілік. Бұл қажетті тілдерді білу, соның арқасында студент өзге тілді адамдармен өзара қарым-қатынас жасай алады; командада немесе топта жұмыс істеу дағдыларын меңгеру. Қоғаммен қарым-қатынас жасай білу студенттің коммуникативтік қызметінің тұлғааралық деңгейін анықтайды: бұл қарым-қатынастың бастамашысы болу мүмкіндігі; қарым-қатынас жағдайына қарай қажетті коммуникативтік міндет қоя білу; коммуникативтік жағдайдың сипатын бағалай білу; студент қарым-қатынас субъектілерінің эмоционалдық-психологиялық жағдайын қалай теңестіру және жалпы эмоциялық фонды қалыптастыру керектігін білдіреді.

Әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі. Азаматтық борышын орындау, бақылаушының, сайлаушының, қандай да бір өкілдің рөлін орындау, қоғамдық және азаматтық қызметтегі білім мен тәжірибе; әлеуметтік-еңбек саласындағы білім мен тәжірибе, яғни студент өндірушінің, тұтынушының, сатып алушының құқықтары мен міндеттерін білуі тиіс; отбасылық қатынастар саласындағы, экономика және құқық мәселелеріндегі білім мен тәжірибе; кәсіптік өзін-өзі айқындауды білу.

Тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі. Рухани, физикалық және зияткерлік даму тәсілдерін меңгеруге, эмоционалдық өзін-өзі қолдау мен өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге бағытталған. Бұл құзыреттіліктегі шынайы объект-студенттің өзі. Өзін-өзі тануға үздіксіз ұмтылуында көрінетін әрекет тәсілдерін зерттейді; қазіргі заманғы адамға қажетті жеке қасиеттерді дамытады; мұнда ойлау мен мінез-құлық мәдениетін ғана емес, сонымен қатар психологиялық сауаттылықты қалыптастыру жүреді. Бұл құзыреттілік өз денсаулығын сақтау және қамқорлық дағдыларын қалыптастырады, жеке гигиена ережелері, жыныстық сауаттылық, ішкі экологиялық мәдениет туралы білім береді.

А.В. Хуторской жалпы түрде берілген негізгі құзыреттіліктер тізбесін оқу пәндері мен білім беру салалары бойынша да егжей-тегжейлі көрсету қажет деп есептейді. Мұнда жас ерекшеліктерін ескеру қажет [6]. Білім беру бағдарламаларын, оқулықтарды, жалпы оларда ұсынылатын негізгі құзыреттіліктердің кешенділігін ескеру керек.

И.А. Зимняя негізгі құзыреттерді келесідей бөледі (2-сурет) [7]:

1. Жеке тұлға ретінде студентке қатысты құзыреттер:

А) Денсаулық сақтау құзыреттілігі: салауатты өмір салты нормаларын білу және сақтау, маскүнемдіктің, темекі шегудің, нашакорлықтың, ЖҚТБ-ның қауіптілігі туралы хабардар болу; жеке гигиена ережелерін сақтау; дене шынықтыру нысанын сақтау және адамның дене тәрбиесін қалыптастыру принциптерін сақтау, өмір салтын таңдаудағы жауапкершілік және тәуелсіздік;

Б) әлемдегі құндылық-мағыналық бағдарлаудың құзыреттілігі: өмір мен болмыс құндылықтары; әлемдік мәдениеттің (әдебиет, кескіндеме, музыка, сәулет) және ғылымның құндылықтары; ежелгі өркениеттер мен өз елінің тарихын білу; діндердің әртүрлілігі;

В) интеграция құзыреттілігі: пәнаралық білім, білімді кеңейту және жинақтау;


Г) азаматтық құзыреттер: өз елінің азаматтық міндеттерін орындау және ережелерді сақтау; әрекет үшін еркіндік және жауапкершілік; өзіне сенімділік және өз қадір-қасиетін білуге тәрбиелеу, азаматтық борышты білу; мемлекеттік рәмізге деген мақтаныш (ту, елтаңба, әнұран);

Д) өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі; өмірдің мәнін түсіну; кәсіби дамыту; тілдік және тілдік даму; ана тілінің мәдениетін білу және шет тілдерін білу.

2. Адамның әлеуметтік өзара іс-әрекетіне жататын құзыреттер:

А) қоғаммен қарым-қатынас құзыреттілігі: ортамен, қоғаммен, достармен, отбасымен, ұжыммен, серіктестермен, жергілікті сипаттағы қақтығыстар және оларды реттеу, ынтымақтастық, басқаларды қабылдау және оны құрметтеу (төзімділік), әлеуметтік ұтқырлық;

Б) қарым-қатынастың әртүрлі деңгейлеріндегі құзыреттер: жазбаша, ауызша, іскерлік хат алмасу, монолог, диалог, дау; этикет, дәстүр, салт-дәстүр және әдет-ғұрыптарды білу және сақтау; мәдени қарым-қатынас; іс қағаздарын жүргізу, бизнес және тіл.



Сурет 2 - Негізгі құзыреттер

3. Адам қызметіне қатысты құзыреттер:

А) танымдық іс-әрекеттің құзыреттілігі: танымдық есепті қалыптастыру және оны дұрыс шеше білу; стандартты емес шешімдер қабылдау, проблемалық жағдайларды құру және шешу; репродуктивті және өнімді тану, зияткерлік қызмет, зерттеу;

Б) қызмет құзыреттілігі: еңбек, оқу, ойын; қызмет құралдары мен тәсілдері: жобалау, жоспарлау, болжау, моделдеу, зерттеу және талдау қызметі, еңбек қызметінің әртүрлі түрлерінде бағдарлау;

В) ақпараттық технологиялардың құзыреттілігі: ақпаратты өңдеу, сақтау және беру; ақпаратты трансформациялау (конспекттеу, оқылғаннан кейін түсіндіру), компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру; мультимедиялық технологияларды пайдалану, электрондық және Интернет-технологияларды меңгеру.

Зимняя атап өткендей, жоғарыда аталған барлық құзыреттер студенттердің жеке қасиеттері мен қабілетіне айналады. Сондықтан, құзыреттілік мағыналық, мотивациялық, қатынастық және реттеушілік құрамдармен сипатталады.

Зерттеудің жаңашылдығы. Ғалымдардың жоғарыда айтқан пікірлеріне сүйене отырып, біз өз зерттеуімізде геоэкологиялық компонент есебінен туризм жөніндегі маманның жеке қасиеттерінің спектрін арттыра отырып, кәсіби құзыреттілік ұғымын кеңейтеміз. Кәсіби құзыреттілікті біз коммуникативтік, жалпы мәдени, әлеуметтік-азаматтық, ақпараттық, оқу-танымдық, сондай-ақ геоэкологиялық құзыреттіліктен тұратын «мегакомпетенттілік» ретінде көреміз. Геоэкологиялық туризм саласы маманының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызы жоғары болғандықтан жеке құзыреттерге бөлеміз.

Білім беру мен оқытудағы құзыреттілік тәсіл жеке-іс-әрекет тәсілімен тығыз байланысты, себебі студенттің жеке тұлғасына тікелей әсер етеді және студенттің белгілі бір іс-әрекет кешенін орындау барысында ғана жүзеге асырылады [8].

Құзыреттілік тәсілдің мәні зерттелетін теориялық материалды нақты өмірмен және студенттердің өз мүдделерімен біріктіру мүмкіндіктерінен тұрады; білім алушыларды саналы және жауапты кәсіби қызметке дайындау; теорияда емес, практикада студенттер өзін-өзі тәрбиелеуге және мәдениетті қалыптастыруға, оқу және тәрбие үдерістерін біріктіру үшін жағдай жасау.

Оқу үдерісіне құзыреттілік тәсілді енгізу – бұл білім беру сапасын арттырудың басты алғышарты, өйткені өмірлік қажетті құзыреттіліктерді алу білім алушыға заманауи қоғам үдерістеріне бағдарлану үшін күш береді, тұлғаның мобильді және уақыт сұраныстарына тез жауап беру қабілетін дамытады [9].

Жалпы сипаттағы талаптар туризм саласы қызметкерлерінің негізгі кәсіби шеберлігі мен дағдыларын сипаттайтын негізгі ерекшеліктерді анықтауға; туристік индустрия қызметкерінің жалпы психологиялық және кәсіби портретін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта негізгі және кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптар біліктілікті бағалау жүйесінің бірінші жоспарына және кәсіби даярлықтың тиімділігіне қатысты. Негізгі құзыреттіліктер бітірушінің ерекше кәсіби, соның ішінде күтпеген жағдайлармен және өзгерістермен күресу, әртүрлі деңгейдегі мәселелерді конструктивті шешу, оларды шешу үшін өзіне жауапкершілік қабылдау, еңбек ұжымында әртүрлі кәсіби және әлеуметтік рөлдерді орындау қабілетін сипаттайды [10].

Қорытынды. Білім берудегі құзыреттілік тәсіл – оқытудың жаңа әдістерін, сондай-ақ білім беру үдерісінің тиімділігін тексеру әдістерін құру мен әзірлеуді көздейді. Бірте-бірте кәсіби міндеттерді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік міндеттерді шешу тәжірибесі қалыптасады, өйткені оқытудың негізгі нәтижесі білім, білік және дағды емес, іс-әрекеттің ойлы тәжірибесі болып саналады. Жинақталған теориялық біліммен қоса, оны әртүрлі жағдайларда қолдану қабілеті бағаланады. ЖОО мекемелері болашақ туризм мамандарын өмірлік мәселелерді шешуге, бұл ретте дербестігіне сүйене отырып дайындауға тиіс. Демек, оқытудың әдістері мен формалары оқу мазмұнына емес, белгілі бір педагогикалық мақсаттарға жетудің дербес құралы ретінде енгізілуі тиіс.

Осылайша, құзыреттілік тәсіл маңызды міндетті шешуге мүмкіндік береді: білім алушыларда білімге деген сұранысты өзектендіру және кәсіби білім беру жүйесінде туризм бойынша мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету. Оқытудың практикаға негізделуі практикалық жағдайларды талдау және синтездеу қабілетін, кәсіби міндеттерді шешуді, түрлі

салалардағы базалық білімді, жазбаша және ауызша коммуникацияны, сын және өзін-өзі сынауға қабілетті, командада жұмыс істей білуді, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын, басқа облыстардың мамандарымен қарым-қатынас жасай білу қабілетін, сондай-ақ креативтілікті, бастамашылдықты, сапаға мән беруді және табысқа ұмтылуды қамтиды. Сонымен қатар, құзыреттілік тәсіл білім беру үдерісінің мазмұнын, педагогикалық технологияларды, бақылау және бағалау құралдарын өзгертуді көздейді.

Қ. Жоя¹, Қ. Сарқытқан², Е.Д. Исаков³

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан;

³Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ И ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

Аннотация. В данной статье предусмотрены средства контроля и оценки содержания образовательного процесса, педагогических технологий посредством компетентного подхода для повышения образовательных потребностей студентов вузов и обеспечения качественной подготовки специалистов в системе профессионального образования. Кроме того, статья обеспечивает основу для обучения компетенциям на практике, умения анализировать и синтезировать практические ситуации. Предоставляет базовые знания, способные решать профессиональные проблемы и самоанализ. Сформулированы принципы умения студента работать в команде, навыки межличностного общения и компетентный подход. Также содержание статьи охватывает креативность, интерес к качеству и базовые образовательные компетенции. Были проанализированы направления собственного воздействия и влияние, давая индивидуальную характеристику основных видов компетенции.

Новые методы обучения в образовании предусматривают разработку методов проверки эффективности образовательного процесса. Он формирует не только профессиональные задачи, но и социальные задачи, так как основным результатом обучения являются не знания, умения и навыки, а умственный опыт деятельности. Высшие учебные заведения должны научить будущих специалистов туризма решать жизненные проблемы, опираясь на свою самостоятельность. Методы и формы обучения широко освещались в статье как самостоятельный инструмент достижения определенных педагогических целей, а не содержания обучения.

В своем исследовании мы расширили понятие профессиональной компетентности, увеличивая спектр личностных качеств специалиста по туризму за счет геоэкологического компонента. Профессиональную компетентность мы рассматривали как "мегакомпетент", состоящий из коммуникативных, общекультурных, социально-гражданских, информационных, учебно-познавательных, а также геоэкологических компетенций.

Компетентный подход в образовании тесно связан с индивидуальным подходом действий, так как непосредственно влияет на личность студента и осуществляется только при выполнении определенного комплекса действий студента. Поэтому выяснилось, что актуализация спроса на образование у обучающихся и обеспечение высокого качества подготовки специалистов по туризму в системе профессионального образования – компетентный подход позволяет решать важные задачи. Обучение, основанное на практике, включает в себя способность анализировать и синтезировать практические ситуации, базовые знания в различных областях, решение профессиональных задач, способность критически и самостоятельно испытывать критику и себя, устную и письменную коммуникацию, умение работать в группе, способность общаться со специалистами других сфер, навыки межличностного общения, а также инициативность, креативность, внимание к качеству и стремление к успеху. Компетентный подход предусматривает изменение содержания образовательного процесса, средств контроля и оценки и педагогических технологий.

Ключевые слова: компетенции, основные компетенции, геоэкология, способ обучения, туризм.

K. Zhoya¹, K. Sarkytkan², E. Issakov³

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Almaty, Kazakhstan;

³Almaty technological University, Almaty, Kazakhstan

MAIN COMPETENCES AND FEATURES OF PROFESSIONAL TRAINING OF STUDENTS OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Abstract. This article provides tools for monitoring and evaluating the content of the educational process, pedagogical technologies through a competence-based approach to increase the educational needs of University students and ensure quality training of specialists in the system of professional education. In addition, the article provides the basics of teaching competence in practice, the ability to analyze and synthesize practical situations.

Offered basic knowledge that can solve professional problems and self-analyze. The principles of the student's ability to work in a team, interpersonal communication skills and competence approach are formulated. The content of the article also covers creativity, interest in quality, and key educational competencies. The directions of their own influence and influence were analyzed, giving an individual characteristic of the main types of competence.

New methods of teaching in education provide for the development and development of methods for testing the effectiveness of the educational process. It forms not only professional tasks, but also social tasks, since the main result of training is not knowledge, skills and abilities, but mental experience of activity. Higher education institutions should teach future tourism professionals to solve life problems based on their independence. Methods and forms of training were widely covered in the article as an independent tool for achieving certain pedagogical goals, rather than the content of training.

In our research, we have expanded the concept of professional competence, increasing the range of personal qualities of a tourism specialist due to the geo-ecological component. We considered professional competence as a "megacompetent" consisting of communicative, General cultural, socio-civil, informational, educational and cognitive, as well as geo-ecological competencies.

The competence approach in education is closely related to the individual approach of actions, since it directly affects the personality of the student and is carried out only when performing a certain set of actions of the student. Therefore, it turned out that updating the demand for education among students and ensuring high quality training of specialists in tourism in the system of professional education - a competence-based approach allows us to solve important tasks. Training based on practice includes the ability to analyze and synthesize practical situations, basic knowledge in various fields, solving professional problems, the ability to critically and independently test criticism and yourself, oral and written communication, the ability to work in a group, the ability to communicate with specialists in other areas, interpersonal skills, as well as initiative, creativity, attention to quality and the desire for success. The competence approach involves changing the content of the educational process, monitoring and evaluation tools, and pedagogical technologies.

Keywords: competencies, core competencies, geo-ecology, learning method, tourism.

Information about authors:

Zhoya Kairat – PhD student of the «Geography» specialty, Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; hairat.altai@mail.ru, <https://orcid.org/000-0002-7733-2412>;

Sarkytkan Kaster – Candidate of geographical Sciences, Associate Professor of Geography, ecology and tourism, Abai Kazakh national pedagogical University; Almaty, Kazakhstan. kaster0102@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6542-6892>;

Issakov Erlan – Master of geography, Lecturer of the Department of tourism and service, Almaty technological University, Almaty, Kazakhstan; erlanichik-89@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6483-9003>

REFERENCES

- [1] Aimee Haley. Defining geographical mobility: Perspectives from higher education // *Geoforum* 83 (2017). P. 50. <http://dx.doi.org/10.1016/j.geoforum.2017.04.013>
- [2] Kudaibergenova K. "Competence-a qualitative criterion of personal development" (Materials of the scientific and practical conference). Almaty, 2008. 56 p.
- [3] Message of the President of Kazakhstan to the people of Kazakhstan «Strategy Kazakhstan-2050: a new political course of the established state».
- [4] Lebedev O. E., Competence approach in education / O. E. Lebedev // *School technologies*. 2004. №5. 7 p.
- [5] Cheprakova E.M., Frolov A.A. Pedagogical technology aimed at students' adaptation to discipline-based education in secondary schools. *The Education and science journal*. 2015; (6): 21-38. (In Russ.) <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2015-6-5>
- [6] Khutorskoy A.V. Key competencies as a component of the personality-oriented paradigm of education / A.V. Khutorskoy // *National education*. 2003. №2. 62 p.
- [7] Zymnyaia I.A. Key competencies - a new paradigm of educational results / I. A. Winter // *Higher education today*. 2003. № 5. 36 p.
- [8] Alibek Ydyrys, Sayagul Srail, Symbat Ydyrys, Zhandos Basygarayev, Askar Mautenbaev, Tilek Baidaulet. Training Biology in English Language in Kazakhstani Education. *Universal Journal of Educational Research* 7(8): 1702, 2019 <http://www.hrpub.org>.
- [9] Laurie E.C. Delnoij, Kim J.H. Dirckx, José P.W. Janssen, Rob L. Martens Predicting and resolving non-completion in higher (online) education – A literature review. *Educational Research Review* 29 (2020) 100313. 15 p. <https://doi.org/10.1016/j.edurev.2020.100313>
- [10] Kozyrev V. A. Competence approach in building a professional training in the field of education / V. A. Kozyrev, N. F. Rodionova, A. P. Trapezina // *newsletter №1 (29) EMA in the direction of teacher education*. - Saint Petersburg: Publishing house of A. I. Herzen RSPU, 2006. 43 p.

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

Редакторы: *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, А. Ахметова*
Верстка на компьютере *А. М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 11.08.2020
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
21 п.л. Тираж 500. Заказ 4.

Уважаемые авторы научных журналов НАН РК!

Президиумом НАН РК принято решение, в целях повышения международного рейтинга академических изданий, объединить следующие 3 журнала, начиная с № 5 (сентябрь-октябрь), 2020 г., с высокорейтинговыми журналами НАН РК, входящими в международные базы Scopus, WoS и др.:

1. **«Известия НАН РК. Серия биологических и медицинских наук»** объединить с журналом **«Доклады НАН РК»**;
2. **«Известия НАН РК. Серия аграрных наук»** – **«Доклады НАН РК»**;
3. **«Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук»** – с журналом **«Вестник НАН РК»**.

Статьи, которые публиковались в журналах **«Известия НАН РК. Серия биологических и медицинских наук»** и **«Известия НАН РК. Серия аграрных наук»**, впредь будут публиковаться в журнале **«Доклады НАН РК»**, а статьи, публикуемые в журнале **«Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук»**, – в журнале **«Вестник НАН РК»**.

При подаче статей просим указывать название журнала и отрасль науки, согласно представленного перечня (см. ниже) в данном журнале:

I. Научный журнал **«Вестник НАН РК»** посвящен исследованиям фундаментальной науки (гуманитарные и естественные):

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Гуманитарные (экономика, юриспруденция, история и археология, политология и социология, философия, филология, педагогика и психология, литературоведение, искусствоведение)
2. Естественные (астрономия, физика, химия, биология, география и технические науки). Примеры технических наук: космонавтика, кораблестроение, машиностроение, системотехника, электротехника, электросвязь, радиоэлектроника, ядерная энергетика и т.д.

Адрес сайта **«Вестник НАН РК»** – <http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/arhive>

II. Научный журнал **«Доклады НАН РК»** посвящен исследованиям в области получения наноматериалов, биотехнологии и экологии.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Получение наноматериалов в области естественных наук, медицины и сельского хозяйства.
2. Биотехнология в земледелии, растениеводстве и зоотехнике.
3. Общая биология и биотехнология в медицине.
4. Экология.

Адрес сайта **«Доклады НАН РК»** – <http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Кроме того, в журналах **«Известия НАН РК. Серия физико-математическая»**, **«Известия НАН РК. Серия химии и технологий»** и **«Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук»** также указаны отрасли науки, по которым будут приниматься научные статьи для экспертизы и дальнейшего опубликования:

III. Научный журнал **«Известия НАН РК. Серия физико-математическая»** посвящен исследованиям в области математики, физики и информационной технологии.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Математика.
2. Информатика.
3. Интеллектуальный анализ данных и распознавание образов.
4. Математическое моделирование социальных и экономических процессов.
5. Механика.
6. Механика машин и роботов.
7. Теория управления и космические исследования.
8. Физика.
9. Ядерная физика.
10. Теоретическая физика.
11. Астрономия.
12. Ионосфера.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия физико-математическая**» –

<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>

IV. Научный журнал «**Известия НАН РК. Серия химии и технологий**» посвящен исследованиям в области химии и технологий новых материалов.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Органическая химия.
2. Неорганическая химия.
3. Высокомолекулярные соединения.
4. Физическая химия (катализ, электрохимия).
5. Технология новых материалов.
6. Технология органических веществ.
7. Технология неорганических веществ.
8. Технология химических удобрений.
9. Технология полимерных и строительных материалов и силикаты.
10. Технология пищевых продуктов.
11. Фармацевтическая химия.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия химии и технологии**» –

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

V. Научный журнал «**Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук**» посвящен исследованиям в области геологии и технических наук:

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Геология.
2. Региональная геология.
3. Петрология.
4. Геология нефти и газа.
5. Геология и генезис рудных месторождений.
6. Гидрогеология.
7. Горное дело и геомеханика.
8. Фундаментальные проблемы обогащения минерального сырья.
9. Инженерная геология.
10. Геофизика и сейсмология.
11. География.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук**» –

<http://www.geolog-technical.kz/index.php/en/archive>